«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 31 «А» шағын аудан, № 5
ғимарат.
тел./факс:8 (7292) 33-02-24.

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, г.Актау, 31 «А» микрорайон, здание № 5.
тел./факс: 8 (7292) 33-02-24.

18.05.2021ж
N 02-07/1872

«KARSAT & Co» ЖШС
Алматы қ. Проспект НУРСУЛТАН НАЗАРБАЕВ 53 28. karsatco@gmail.com.

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)*, Сіздің «Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалы (*бұдан әрі - Филиал*) тарапынан № 5615319-1 санды «Картридждер» сатып алу жөніндегі электронды конкурс тәсілімен өткізілген мемлекттік сатып алуына қатысты жазған 29.04.2021 жылғы № 101563, 1015634 санды шағымыңызды қарастыра отырып, Департамент тарапынан аталған сатып алуға қатысты келтірген шағымыңыз бойынша мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталу мәселесіне камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесімен Сіздің шағымыңызда көрсетілген уәждер өз дәлелін тапқан жоқ.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының 04.12.2015 жылғы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434 санды Заңы *(бұдан әрі-Заң)* 2-бабының 3-тармағында әлеуетті өнім берушінің ***үлестес тұлғасы*** – осы әлеуетті өнім берушінің шешімдерін айқындауға және (немесе) ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша нысанда жасалған мәміленің күшіне орай ықпал етуге құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты осы әлеуетті өнім берушінің осындай құқығы болатын кез келген жеке немесе заңды тұлға екендігі көрсетілген.

Яғни, Сіздің шағымыңзда көрсетілген ЖК «Ғазиз» және ЖК «Жанабековтер» мен жасақталған келісім шарттарда телефон немерімен емайл мекен-жайлары бірдей болған жағдайда, жоғарыда аталған Заңда үлестес тұлға болып табылмайтыны көрсетілген.

Егер келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 04.12.2015 жылғы №434 санды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Сонымен бірге, Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес, дауларды шешудің сотқа дейінгі процедурасы міндетті болып табылады

Департамент
басшысының орынбасары **ЭКҚ** **Н.Анесов**

Орын. Е. Башагулов.
тел.: 33-02-24.